

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылға арналған стипендиясын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 мамырда № 20603 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылға арналған стипендиясын министрліктер мен "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының арасында бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

А. Аймағамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 184 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылға арналған стипендиясын министрліктер мен "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының арасында бөлу

№	Мемлекеттік орган, "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы	студенттерге	магистранттарға
1.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	953	7
2.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі	9	-
3.	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	64	-
4.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	47	1
5.	"Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы	7	-
Барлығы		1080	8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК